

ВЧКбз 7  
Д - 20

Ташатар ДӨРӨЛЖУЛЫ

СОР МЕН БАК





## Таңатар ДӘРЕЛҰЛЫ

## СОР МЕН БАҚ



АРЫС  
Алматы  
2008

ББК 84 Қаз 7-5

Д 20

ДӘРЕЛҰЛЫ Т. Сор мен бақ: Өлеңдер мен дастандар.

**Д 20** Сор мен бақ: Өлеңдер мен дастандар. —  
Алматы: “Арыс” баспасы, 2008. —  
248 бет.

ISBN 9965-17-518-7

Атыраулық ақын, журналист Т.Дәрелұлының бүл таңдамалы жинағына әр жылдарда жазылған өлеңдері мен дастандары топтастырылды.

Сезімі сергек те нәзік ақынның туған ел, туған жерге деген ыстық сүйіспеншілікпен жазылған жырлары өзіндік өрнекке толы. Қарапайымдылығымен мәнді, мағыналы.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-17-519-5

© Дәрелұлы Т., 2008  
© “Арыс”, 2008

## ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

Бұл кітабымды “Сор мен бақ” деп атауымның себебі, шамам жеткенше тағдыр талайыма бүйірган сорымды, багымды жеткізгім келген негізгі ниетіммен үштасып жатыр. Жанып өшетін, ағып өтетін бұл жалган кімдердің өзегіне от түсіріп, өкіндірмеген? Бұлттан шыққан күндей шырайлы шуагына малындырган қуанышпен қауышасың кейде. Өкініштерім мен мұңды шақтарым, тасып, шалқыган сәттерім де – өлеңдерімнің өзегі. Балалық балдырган шақтың балауса жырлары, жігіттік шақтың серпілісі, айнала дүние-ге көзқарас, тағдырластарыма айтар наз-өкпе, дос-жарандар, қатар құрбы, ага буынга деген еркелік, жүрек сыры, көңіл шері де ұшырасып қалар.

Атыңнан айналайын қазақ деген халықтың гасырлар бойғы арманы болған Тәүелсіздігімізге, оның келешек тағдырына арнаган жырларым еніп отыр бұл жинағыма. Аңысы-тұщысы, кермегі, керімі қайсы, өзің багамдай жатарсың, қадірлі оқырман! Қазақ деген халық өмірге жаратып, бәйгеге қосқан бір ұлы болғандықтан, халқымның бақтыын өз бақтыымдай үгамын. Көкте шалқыган көгілдір туына сүйсіне, шабыттаңа, тебірене толқи қарап тұрып, тәуба деймін іштей.

Ел-жүртімның багын да, сорын да мұңдары мен күйініш-сүйінішін де өз жеке басымның арман-тілегімен енішлесе санаймын,

бауырлар. Сондықтан да, өз пешенеме жазылған сорым мен багымды халқымның өткені мен бүгінгісінен бөліп ала алмадым, мәңгілік бірге деген үгыммен де кітабымды “Сор мен бақ” деп атадым.

Туган жерімді өле-өлгенше сүйіт өтемін. Мен үшін жердің жаннаты, ата-баба, үрім-бұтак, зәузатымыздан бері қарайғы киелі мекеніміз болып, теріміз сіңіп, телегейін кешкен, құмына қүйген, “қоғалы көлдер, қом сулар” атанған қайран Құрмангазы топырагы! Саған деген өлшеусіз сағынышым, шексіз маҳаббатым жайлы да бір нәрселер жазған болдым.

Еркелігімді кешірген, есерлігімді түсінген, жеткеніме қуанған, өткеніме салауат айтып көңіл бұлагы ылғы да бірге көлдеген ага да, іні, апа да, қарындас, көке де, тәте де, барым да, базарым да, байлығым да өздерің еken, ендеше ең ізгі құрметті де сіздерге арнаған болдым.

Сөз соңында осындағы еңбегімнің кітап болып халық қолына тиуюіне қайырымдылықпен демеушілік еткен “Арыс” баспасының ұжымына, “Арыс” баспасының директоры, қаламdas інім Fариғолла Қабдолқайырулұна алғысымды айтқанды жөн санағым.

*Автор*



## БІЛ КІРТЕН СЕММІ

Дұнай мұнай дағынан  
Күн көзің кеңінен сағынан  
Дарын жаңаң даңынан  
Мұнай дағынан сағынан  
Оңтүстік жаңаң даңынан  
Айдаң дағынан сағынан  
Дарын жаңаң даңынан  
Дарын жаңаң даңынан

Түсінің салынған түсінің салынған жынысынын  
Жер астынан даңынан  
Айдаң дағынан сағынан  
Дарын жаңаң даңынан  
**Бар тілдең салынған түсінің салынған жынысынын  
ЖЕТІЛДІ ҰЛЫН  
АҚ СӨЙЛЕР**

Онағым атын даңынан  
Тәніре барып түсінің салынған жынысынын  
Бірлігін даңынан даңынан  
Тұлап са, даңынан даңынан  
Дарын жаңаң даңынан

**АТА-НАБАМАДАСТАНОМ НАРАН БАК**  
  
 Так көзің Нұрдаң даңынан  
Іздеңім даңынан  
Арундан даңынан  
Шейх даңынан  
Көзің даңынан  
Көзің даңынан  
Көзің даңынан  
Сигадаң даңынан  
Жер астын даңынан даңынан

Сумен жалғызы даңынан  
Таум аудың даңынан  
Айдаң даңынан  
Күрдің даңынан  
Палық даңынан  
Мұнай даңынан  
Сағын даңынан  
Дарын жаңаң даңынан

Оңтай Базар соғын даңынан  
Жет көткүн мұралық даңынан  
Сағын даңынан  
Айдаң даңынан  
Дарын жаңаң даңынан

## ЕСІ КІРГЕН СӘБИМІН

Бұ қүнде мен есі кірген сәбимін.  
Мен сәбиді төрт күллі әлем таниды.  
Откенімнің сойқан қараулықтары,  
Жігерімнің отын үрлеп жаниды.

Бәйгелерге түсе алмаптын оза алар,  
Дауысымды шығармаптын соза алар.  
Қаршадайдан көп болыпты билікшім,  
Әкірендер тұратуғын қожалар.

Тұсауымды шешпепті де кісі елең.  
Тұсаулыға қандай оқыс күш енед?  
Жетегінде әркімнің бір жүрген соң,  
Бал тіліме қадалыпты тікенек.

Сәбиімде шешек атып гүлдеген,  
Көз қадаған именбей ақ жүндеген.  
Қорғансызыға айыл жисын кім неден,  
Ойға кірмес ұлыс, ұлтың, дін деген.

Солай өстім, қисық-қисық бұғанам,  
Откенді ойлап жүрегіме мұң алам.  
Сәби шақта езе берген еңсемді,  
Жан болмапты жағдайымды сұраған.

Мүмкін бүгін өкінеді ойсырап,  
Мәңгі сәби болар деген ғой, сірә.  
Атып тұрдым айбарланып, ақырып,  
Шыдатпады, қысастығы қойсын ба?

Бүгін көктен тұрсам егер нұр сауып,  
Құтырынған қалса жолда құм қауып.  
Есім кіріп, егесе алар шағымда,  
Бұзып шықтым тар бұғаудың құрсауын...

## ТУҒАН ЕЛ

Ошағым маздалап, өзінде үшқан тұтінім,  
Базарым – бағым, абырой, болмыс-бітімім.  
Ордалы Отан, мендегі басты бақ-байлық –  
Сенің қашан да тұтастығың менен бүтінің.

Тесінді еміп, тыныштық тапқан кірме мын,  
Жер жаһан саған алаң боп бүгін түр керім.  
Ай-күнің аман, жылдарың тыныш жалғасқай,  
Бар тілегіміз үстінде ғана бір сенің.

Ошағым алтын, өркенін жайған үйелмен,  
Тәңірге балап, өзіңе мықтап сүйенген.  
Бірліктің шоғы жанымды дәйім жылыштықан,  
Туған ел, сені, шексіз маҳаббатпен сүйем мен!

## АТА-БАБАМ АҢСАП ӨТКЕН ДАРХАН БАҚ

Таң қалдырып, үнің кетті ғаламға,  
Іздесем де, саған теңеу табам ба?  
Аруанадай анам өткен боздаумен,  
Шейіт кеткен талай-талай бабам да.

Қаратрудан көш боп өттің қаралы,  
Қара жерді құшты ерте саналың.  
Саған дейін болып қайғы аралы,  
Жер-анаң да күрсінуші ед жаралы.

Сұлап қалды арыстарың ұзыннан,  
Тауы шөкті текті ұлдарың қызынған.  
Айдалада ақ сөңке боп шашылып,  
Қыран безіп, сүрінді көз құзғыннан.

Ойлай берсең іш қазандай, қайнар у,  
Жат қолында кеткен бауыр, қайда ару?  
Саған дейін бұ қазақтың көргені –  
Атыс, шабыс, айдалу!

Ұлы Женіс деп келдік қой ең құнды,  
Ел жүдеді, сан мындаған ер сынды.  
Келген жатқа пана болған қазакқа,  
Бұл Женіс те әкелмеді еркіндік.

Алтама айтам, ақсарыбас! Ел жаңа,  
Шын біздікі мынау байтақ кең дала.  
Басымызға болмағанды болдырдың,  
Төуелсіздік, сен ғана!

Ата-бабам аңсап өткен дархан бақ,  
Төуелсіздік – сенің ғана арқаңда.  
Ғапыл кетсең армансызың жолында,  
Тәнірідей табыну аз, бар қандас!

### **ЖАСА, ТЫНЫШТАҚ**

Заман бұл, жатпаған бір иесіз дән,  
Жанынды жылтытпасын жүйесіз өн.  
Ұлдар бар, бөрі болып тұнде ұлыған,  
Ұры көп, туған жердің киесі үрған.

Заман бұл, ұяты көп тілер бетті,  
Аналар азайған ба тұлар текті?  
Қызың бар қырдың қызыл гүлі болмай,  
Таңдал та, талғамайтын түрі еркекті.

Заман бұл, саналарды дау қамаған,  
Көмілген тұзды шаңға саумал ауаң.  
Бабалар қадам сайын қанын төккен,  
Киелі жер-анасын саудалаған.

Заман бұл, шымшық болған бүркітерін,  
Қанатсыз қыран қалған құр бүктеліп.  
Қараған ел аузына көп ұлықтар,  
Шүлдірлер кеткеннен соң шұршіттеніп.

Заман бұл, талақ еткен кіл дарынды,  
 Қолжаулық қылған әркім бұлдарынды.  
 Өлгендей өжет намыс шындар үлді,  
 Сенген жур тойдыра алмай бір қарынды.

Заман бұл – бақай есеп, бақталастық,  
 Жоғарыда жағаласу – тақ таласы!  
 Оларға елеңдейді үргелек ел,  
 Еш ненің айыра алмай ақ-қарасын.

Заман бұл, “құдайларды” қолдан жасар,  
 Откеннің игілігін болған-ды асап.  
 Кетсөң де қайыр сұрап қайырылmas,  
 Айналаң ығай-сығай шолжаңдақсан.

Заман бұл, кераузыңы көп білетін,  
 Тәуелсіз болмаса да көште үлесі.  
 Толып жүр арман болған осы күнді,  
 Өзге түгіл, өз бауырына көпсінетін.

Заман бұл, марта басқан еріншегі,  
 Жетеді күндесі де, келімсегі.  
 Жармасқан көп шөңгесі балақ жыртсын,  
 Өркендер келеді елім, елің сенің!

Заман бұл, ел-елдерде ұрысты күн,  
 Бүгінгім – жолымыздың дұрыстығы.  
 Бабалар ақ тілеуі ұзақ болғай,  
 Елімнің сақтал мәнгі, тыныштығы!

## ЕЛГЕ ТІЛЕК

Кеуделі күмбездерің, керілген қыраттарың,  
 Күмбірлеп көлдерің, көлдейді бұлақтарың.  
 Мұнартқан даланда мұнаралар бой созып,  
 Көлбекен төсінде маздайды шырақтарың.

Тұған жер дейміз де жаралғандықтан,  
Төсінен інгәлап нәр алғандықтан.  
Қояндай қорқып, бүгежектей алмаймыз  
Тым биік тұрамыз әр алуан қырттан.

Салдық та сарсанға құлағынды шулатып,  
Қадірінді ұғындық жанарды сулатып.  
Өзіңе арналған жылдарға жүк артып,  
Бастадық еңбекті дубірмен дулатып.

Бұйыртса жайлауың төліңмен толығар,  
Сары алтын масақпен қамбалар молығар.  
Ырыстың көзін өзінен табарын,  
Ауылдас ағайын, ұғынды соны бар.

Қазағым бір-біріңе сүйенерсің деймін,  
Жер-Анаға өзің иегерсің деймін.  
Арманда кеткен ата-бабалардың,  
Аруағына бағыштап “тие берсін!” деймін.

Қаймықпа бауыр, ісінде өрге жүзгіз,  
Қия келдіңің біржола үмітін үзгіз.  
Бабалардан мирас қазақ жерінің,  
Занды мұрагері сені мен бізбіз.

Алшандай басшы шаттана күліп,  
Жазира жондардан бақ таба біліп.  
Өз жеріміздің ырысын өзіміз тасытайық,  
Озгенің тұрақтануынан сақтана жүріп.

Қазағым, қандасым, көгілдір ту алған  
Жасыма, шағында Тәуелсіз қуанған.  
Далаңың гүлін бабалар кезінде  
Қасықтап қызыл қанымен суарған.

Дей көрші бауыр: кендерге – кеңмін,  
Құйтырқы саясат кемдерге – кеммін.  
Әйткені байтақ қазақ жерінің  
Мәңгілік қожасы – сені мен менмін!

## ТАУСЫЛАР ӨЗІҢЕ ТАҒАТЫМ

Тұған жер, неткен ыстық ең,  
Сыйынар құдырыет күштім ең.  
Ана, жер-ана, бөлінбес осы ұғым,  
Сен мені жазалар “ұштік” ең,

Сен болып жүрекке сыр тұнды,  
Үйреттің сүюді жүртүмды.  
Сен жайлы ұлы жыр жаза алмай,  
Көп сия төгіліп, сан қағаз жыртылды.

Төгілген төсінде жасым көп,  
Көз ілген төсінде асыл көп.  
Өзіңнің мен жырши торғайың,  
Ақынмын деуге де хақым жок.

Қиғаштай жайдары есілдім,  
Көк толқын шақтарда есірдім.  
Талаілар түйіліп жүргенде,  
Сен ғана аңқылдап, кешірдің.

Таусылар өзіңе тағатым,  
Ағалар арқамнан қағатын.  
Жанға ыстық жандардың мекені,  
Өзіңсіз самғар ма қанатым?

Бәйгеге салдың да, мың баптап,  
Ұшырдың қияға, шыңға аппақ.  
Аруаққа тәу етпес, тек ессіз,  
Әкемді жатырсың құндақтап.

## АҚСАРЫБАС

Мақтауым жетпес, сөзді асыл жыйғам,  
Халқың бар аман, көз жасын тыйған!  
Намысты үрпақ, нақақ қан төкпеген,  
Осы күн үшін өз басын қиған.

Оралды қайта, мың-ау бір салтын,  
Көнене берді орын, қылаусыз алтын.  
Тәуелсіздік тұғырын орнатты берік.  
Етектен тартпас бірауыз халқын,

Жалтақтық ада, жасқана басқан,  
Еңбегің еркін, баспана баста.  
Бәйтерек жайған қанатын көкке,  
Әлемге мәшиүр, Астанаң асқақ.

Көгілдір туды аймалар желің,  
Жайнаған жерің, жайнаған белің.  
Өркениет көшіне өресі жетіп,  
Елуліктің біріне айналар елің.

Тың іске дәйім білекті сермер,  
Түзейтін сапты түледтің ерлер.  
Оятып ойды, балқытып бойды,  
Әнұран шалқып жүректі тербер.

Бүгінің бақыт, ертеңің артық,  
Тұндерің тымық, тандарың барқыт.  
Кештерің арай, қолдерің айна,  
Еңістен шықтың өртенге тартып.

Құлпыра түсті, қырларың қашық,  
Белгісін салды үрланып уақыт.  
Сырларың ашық, жырларың жаһұт,  
Дін аман осы, тұрғаның бақыт.

Адамдар тапқан құлшынар бір іс,  
Татулық-еншің, ынтымақ-ырыс.  
Береке, бірлік, орнығып мығым,  
Жиектен күнің шығады дұрыс.

Қанатын қақсын самғаған жырын,  
Тендікті мұндай көрдік пе бұрын?  
Мениңше, ағайын, өр қазаққа парыз —  
Ақсарыбас айту Аллаға бүгін!

## ҰЛЫ ҰФЫМ – БІРЛІГІМ

Бірлікті уағыздаған көсемдер түрлі,

Баға жетпес қадірін өткендер білді.

Алпауыт Ресей сағын сындыра алмаған,

Біле білгенге шешендер үлгі.

Абырой артқан ғой бір жерден үн шықса,

Айрандай ұйымаған запыран, мұң құсса.

Бірліктің арқасы қанқұйлы фашизм,

Өкіріп барып көрінде тұншықса.

Ел болам дегенді бірлікке шақыр,

Тәуелсіздігіңің бастауы осында жатыр.

Етек-жеңін жия алмай кеңестік жүйе,

Сая болсын соғыссыз тарағ тынды акыр.

Бұл заман өлі талай талқыға салады,

Көп көрген халықпаз жат босағаны.

Ордала Отанды алдымен ойла,

Ал, Отаның отбасынан басталады.

Ұлы толдым деп жол басынан іскен,

Қызын кім бұрды екен арнасынан күштеп.

Үңтимағы ыдыраған талай отбасының,

Шаңырағы күйреп ортасына түскен.

Етегін жел кеулеп әйелі тозса,

Еркегі есінеп өңешін созса.

Иманды жолдан үрпағы ауып,

Аз күнгі дәуренде мақсатсыз босса.

Жік салар бірлікке осылар сыналап,

Бір қарын майды шіріткен бір құмалақ.

Өз басын жоғалтқан Отанды қайтсін,

Мүмкін сөз шығындау, босқа кінәлап.

Қара басын ойлар жоқ деме ер ез,

Халқының басында болғанда кем кез.

Бір ауыл болып бір аяқтан ас ішкен,  
Көңіл жұтандығы құртпай тынбас-мерез.

Егесіп өткен ер жамандығын,  
Бірлігі жоқ ел жамандығын.  
Бірлік болмай тірлік болмас деп айтқан,  
Бабалар өситетін еске алам бүгін.

Сондықтан бір ұлың бірлікті ұрандайды,  
Кім білсін керуен жол қай жерде бұрандайды:  
Бірлік ұйып еді, құдай да қарасып,  
Алдымызға қасиетті Құранды жайды.

Аз көрген ел ме едік өзгенің қысастығын,  
Көңіл-көлмектің қояйық ұсақтығын.  
Ұлы ұғым – бірлігім, аяла мәнгі,  
Ордалы Отан – Қазақстан тұтастығын!

### **...СЫР ТҮР КӨП**

Пендеріміз ғой, түспеген бір ғайыптан,  
Талай жайға қабыргамыз қайысқан.  
Мен өкемнің көрем сонау жылдарын,  
Ана қаусап жатқан қара қайықтан.

Әке кеткен, белгілер сан ізінде,  
Мәнгі қалған кім бар жердің жүзінде?  
Жер үстінде жанын жалдап күн кешкен,  
Анам жерден тіреп тұрап бүгінде.

Бәз біреуге бағы түскір жанбайды ақ,  
Тау қопарсын, кешін небір қан майдан.  
Ал, біреуге керексіз бол қалды өне,  
Әкесінен артық көрген сан байрак.

Дүние-ай, сыйықсыздық толы бір,  
Жер көтерген болғаннан соң жоны нұр.

Шендилерге қайтіп білмей жағарын,  
Арзан атақ – дәреже үшін өліп жүр.

Жеткен шындық ежелгі бір ғасырдан,  
Ханға қарсы уәж айтса хас ұлдар.  
Зымияндық жер соқтырып талайды,  
Қайткенде де өз айласын асырған.

Тәуелсізбіз, десек дағы жасыма,  
Харам қосқан жоқ дейді кім асыңа?  
Ана-тарих тауысар ма түгендер,  
Тек шабылған Махамбеттің басы ма?

Бас ұлық жүр, келістіріп шыр-пыр бол,  
Төрт құбыласы түгелдер бар, құлқын тоқ.  
Келешек деп қабырғамыз қайысар,  
Ел жүзінде, ер ісінде сыр түр көп.

## МЕНИҢ ДҮШПАНЫМ

Тұған жылым елу төрттің көктемі,  
Тың ұран бол, түрен тілген көк белді.  
Ағасына серік болар үл келді,  
Депті ата-ана: “Құдай ісі көктегі!”

Бүршік екем тың жылғы бір көктемгі,  
Еске алам жай, тілден қайтем өткенді?  
Бауырластық, тың-құшақтың әсері,  
Мүмкін өссек, көрмей жанды өшпенди.

Тез тұтаныш, тез ұмытам өкпенди,  
Жалғыз ойлап, ұнатам бір көшкенді.  
Кейде тірлік сүйк судай тоңдырса,  
Жылынамын достарыма от-демді.

Маған да күн шуақ нұрын төккен-ді,  
Сауық-сайран тиді басқа көп тендік.

Өкініш бол саз үрлайды жүректен,  
Жастық күнде қадірсіз бол көшкен жұрт.

Қазағымсыз қайран өмір-бос кеңдік,  
Отаншылмын-әкем кедей көнгерлі.  
Үлгымды ұлықтаймын, шын сүйем,  
Шын бақытым-өткендігі – өктемдік.

Отан жайлы, жазар жырым – мықты әнім,  
Ана сүтпен бойға дарып, үққаным.  
Қаны бірге қандасымның хас жауы,  
Мениң дағы-дүшпаным!

### СЕНИҢ БАҚЫТЫН...

Көңілге қаяу, түсіріп жара,  
Былғанды-ау қайран төрін дұр.  
Қырың да, ойың да қысық көз қара,  
Тарақанша қаптап өріп жүр.

Бабалар қанымен қорғаған жердін,  
Үрмаса жарап киесі.  
Фасырлар бойы сорлаған елді,  
Енді не істемек ниеті?

Талғамай бәрін өңешке тығуда,  
Зындандаидай терең аш көмей.  
Біз харам дейтін азайып құруда,  
Бақа мен жылан шақ келмей.

Омырып, кеміріп талғамай жұтар,  
Тісімен уатып тасты да.  
Суырдай үнгіп, білуге құштар,  
Туган жеріңің астын да!

Көңіл құлазып, сезінесің өзінді,  
Жат жерден келген бөтендей.

Каптаған қара тауысар төзімді,  
Көк көзді көрем бе, көкемдей?!

Бүгінге тоқпыз, көніл-күй шырқап,  
Отуде бастан келте күн.  
Келешегі елімнің, ұрпақ,  
Не болар екен, ертеңің?!

Обалың менен сауабынды,  
Кім ертең, кімдер көтерер?!  
Бұған айта алмаймын жауабымды,  
Айтса айтар “ашкөз” көкелер.

Елімнің басында тұрғанда жаһұт күн,  
Қайдағы бұл дер сары уайым.  
Сорың емес, сенің бақытың ұрпақ,  
Арман мен үміт, бар ойым.


## ДЕМОКРАТИЯ. ӨЗ КӨЗІММЕН

Ұрпағыма қанат бітті өскелен.  
Ұраншылдар қаулап шықты от көмей.  
Әркениетте өршіл үнмен танылған,  
Сахарада малын күйттеп көшкен ел.

Тенідік алған, кеңдік бердің халқыма.  
Қанша бүгін күй көшкендер шалқыма.  
Емін-еркін оралуға жол аштық,  
Қанымда бар, ата-дәстүр салтыма.

Басты нышан, тірлігіме тәуелсіз,  
Демократия, шырқап салар өуенсің.  
Сенің желің шарлап шалқар даламды,  
Күніренбестей көк тіреген тау сенсіз.

Демократия!  
Қадірінді кім бар жоққа шығарған?  
Тілім еркін, мойнымда жоқтыл аркан,



Мен араша болайыншы өзіңе,  
Сені бүгін басқаша бар үғар жан,  
Болғаныңмен күні кеше ұлы арман.

Кейбір қызыым, жалаңаш тән шықса айқын,  
Қадірінді сол деп үғам үқпайтын.  
Негізінде біздің апа-қарындастар да,  
Бұлт жасырған жарық айға үқсайтын.

Сұрап бабам үрпағына жан сауға,  
Өзі шейт кеткен бойдан қан саулап,  
Сөйтіп бізді жеткізгенде, жеткенім –  
Масқара ғой, мұсылманға – тән сауда!

Еркіндікте жөнді-жөнсіз қылық мың,  
Батпағы мол шылық пенен былықтың.  
Бағын сезбей, так таңдаған сорлылар,  
Жағасынан үйстайды ұлықтың.

Демократия!  
Біреулерге сенің нарқың ақша ма,  
Желік-көңіл басылмайтын басқа ма?  
Өз қолымен асыраған текешік,  
Былғанышты сөз айтады патшаңа!  
Масқара!

Бір билікке қолы жеткен ез кеуде,  
Еркіндіктің не екенін сезбеуде.  
Жалғыз өзі шығардай ак үшпаққа,  
Қармауда әлі, шамасы жоқ тежеуге!

Байыған бар ешбір бейнет шекпестен.  
Жерге түспей көздерімен көк тескен.  
Алақаның жаяды әлі бүкпестен,  
Ар-үятқа баяғыда “хош” дескен.

Демократия!  
Сен елімде емін-еркін ашылдың,  
Бағы болдың, талапты ер, хас ұлдың.

Есінеген еріншекке құқ беріп,  
Қорғаны да бола білдің масылдың.

Шын жорығы басталғандай діндердің,  
Түзу ниет болса оларды күндер кім?  
Соны ойласа еркін ойлы бар қазақ,  
Бұл не үшін, артында түр кімдер, кім?

Демократия!  
Тауға ұрынып, тас тістесең өз еркін,  
Түске енбекей бұғаулықта төзер күн.  
Даңғазаға бой алдырған елдердің,  
Бастарынан ұшып жатыр көгершін.

Жайқалуда туған жердің гүл-гүлі,  
Лебі аймалар еркіндіктің бір жылы.  
Оресі тар патшасы бар елдердің,  
Бастарынан ұшып жатыр бұлбұлы.

Демократия!  
Айдын шалқар кең ұғым,  
Қадірінді барша қандас, ел ұғын!  
Қасиетті Тәуелсіздігіме бұл деген,  
Ұрынуы емес, тентек-телінің?

Демократия!  
Сөзім еркін, өзім еркін еken деп,  
Сыр шашу да емес жатқа, бөтенге.  
Тегі бірге бауырынды түрткілеп,  
Сыймай журу емес байтақ мекенге.

Демократия!  
Сен жайлы көп менің бүгін айтарым,  
Аман болғай, тәуелсіз ел-байтағым.  
Демократия, меніңше, таңдау емес біреудің,  
Іштей іріту, айдал салу, айтағын.

Емес те ол жел тұрғызып, шаңыту,  
Меніңше, ол – жеткенінді дамыту.  
Кең дүниені еркін жайлап, ел болып,  
Бар қазақты жер жаһанға таныту!  
Міне, Демократия!

### “ӘУМИН!” ДЕП АЙТАР ТІЛЕК

Жоғарының аты, жоғары,  
Оларға тежеу жоқ әлі.  
Солардың ғана мойнында,  
Төмендегілердің обалы!

Оларға зан да тиімді,  
Шаршатпа, шаршат миынды.  
Батқасын өзі мырғамға,  
Қайтсін ол жай-күйінді?

Пиғылы болса, ит емген,  
Босқа айтпа бізде күй кем деп.  
Занды да олар шығарар,  
Өздеріне ғана икемдеп.

Женгейлер бетін шымшылар,  
Тойымсыз бәрі құлқында.  
Соны айттар жылап, жұртың да.  
Үйлеп тұрып өкінер,  
Малды айтып кеткен құрдымға.

Жоғарыда бәрі естінің,  
Етекте елің кешті мұң.  
Жоғарыдан жесе миллиардтап,  
Беріледі екен кешірім!

Неге тұрмын бұған тоқталып,  
Таппадым жерден жоқты анық.  
Балықпен екі ак, ауылда,  
Жатырған қаша сотталып?

Тұр олар бізден жоғары,  
Оларға жетпес көп әлі.  
Жарты Қазақстан-құлқында,  
Тойынар түрі жоқ әлі.

Халқым-аяу, көнбіс, сезін де,  
Ел тыныш, көк ту-көгінде.  
Барғансың тойға талай бір,  
Жалаңаш бұдан кезін де.

Тыныштық-байлық ең басты,  
Болмағай қызың күң, ер жасық.  
Тұн үйқысын төрт бөліп,  
Ойлап жүр соны, Елбасы.

Жоғалмай қалдық, күрсіндік,  
Тәуба! Түрулі бүгін нұр-тұндік.  
Қайтесің күнделеп жей берсін,  
Бок дүние болар, бір күндік.

Күйінбе қандас, жан жұлып,  
Тойымсыздық та мүмкін, заньдылық.  
Бәрі де тәркі жолында,  
Тәуелсіздігіміз болғай, мәңгілік.  
Әумин!

## КИЕСІН ӘДІЛДІКТІҢ АҚҚУ ІЛГЕН

Толмаса тойымсыздың бүйірі әлі,  
Қанағат біткен пендे бүйігады.  
Керілген кербез аққу көзге ілінбей,  
Қақ төрлер қарғаларға бүйірады.

Біреулер ен байлыққа малтығуда,  
Біреу жүр өлшеусіз құр жол шығындала.  
Арулар кеткен қанша нұр сыйпатты,  
Қадірін білмesterдің қолтығында.

Жоқ деме, салтақ-салтақ күшік беттер,  
Бұлбұлдың орынына ұшып жеткен.  
Мінберде-бай баласы ауызы қисық,  
Дарындар тұңғалумен ішіп кеткен.

Біреулер сорып жатыр жатып алып,  
Аш құрсақ өлі де жүр жарты халық.  
Жаны мұз, өлі жүрек көргенсіздер,  
Қызын жүр, қатындыққа сатып алып.

Деп айтшы бұл заманың үтібы бар,  
Жөнсіздік ұлықтарға сыйды бар.  
Қос қабат коттедж аз біреулерге,  
Сорлының жаңбыр тескен үясы бар.

Деген бір ұғым шықты “шала қазак”  
Олармен ұлыс-ұлтың таза мазак.  
Халқындың байлығымен шыртиғандар,  
Рухыңа жуымайды жанамалап.

Қазағым ар-намысқа тырысқан ед,  
Конаққа қашан көңілі құрысқан ед?  
Біз-бүйіғы, кердендеп келімсек жүр,  
Ойланам құр жарылу дұрыс па деп?

Кең дала, түріңе нұр, рең берген,  
Оны көп әлдекімдер иемденген.  
Бір шұршіт қоршап алған, зорға тиді,  
Табаным әкем жатқын күрең белге.

Ен байлық пысықтарға бар таланған,  
Қорғайды, теңдегенді жарты аралға.  
Біреулер екі-үш түйір балығымен,  
Екі-үш жыл темір торға арқаланған.

Сенген жүр қара басын ойластырып,  
Қаптаған жайын ауыз, тоймас құлық.  
Жер-ана, өзен-көлдің қорғанын көр,  
Қойғандай қасқырларға қой бақтырып.